



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 6-кіреберіс
тел: 8 (7172) 74-36-79, факс: 8 (7172) 74-36-08

010000, город Астана, пр. Мәңгілік Ел 8,
Дом Министерств, 6 подъезд
тел: 8 (7172) 74-36-79, факс: 8 (7172) 74-36-08

24.04.2017 № 12-1-20/1144

**«Бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қоры» АҚ**

9.02.2017 ж. № 2005/638 хатқа

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін түсіндіруге қатысты хатыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Белгілі болғандай, зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру, соның ішінде бюджет қаражаты есебінен және жинақтаушы зейнетақының есебінен жиынтық зейнетақы төлемдерінің мөлшерін көбейту мақсатында 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтарынан белгіленген кесте бойынша **ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде** жүзеге асырылатын болады.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 1-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше ескертілмесе, барлық нормативтік құқықтық актілер тікелей қолданылатынын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, аталған Заңның 43-бабының 1-тармағында нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайтындығы белгіленген.

Осыған байланысты, **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін** БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға өз құқығын іске асырған адамдар санатының Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының талаптары бойынша жеке зейнетақы шотынан зейнетақы төлемдері Заңның бұрын қолданыста болған нормаларымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылуы тиіс.

Сондай-ақ, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің ай сайынғы сомасының мөлшерін есептеу тәртібі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген *Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларының және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінің* 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 3-тармағының нормаларымен белгіленгендігін хабарлаймыз.

Вице-министр

С. Жақыпова

Орын. Г. Жүсіпбекова, тел. 743269

001436

